



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

## ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ

(Филология факультеті, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы)



АҚТӨБЕ, 2024

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті**

**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ  
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Редакциясын басқарған Л.Ч.Карабасова

**Ақтөбе  
2024**

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№\_\_ хаттама, 2024 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2024-2025 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2024. – 32 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Филология факультетінің студенттеріне арналған және білім бағдарламалары бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Ш.Абдирова, Б.Олжабаев, Д.Бекниязова.

**© Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті, 2024.  
030000, Ақтөбе қаласы,  
Ә.Молдағұлова даңғылы, 34**

## ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Білім бағдарламалары бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

### ***Құрметті студент!***

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді колданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

***Сәттілік тілейміз!***



**Элективті модульдер каталогының  
құрылымы мен мазмұнының үлгісі**

**Мамандық атауы және шифры: 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті**  
**Оқу мерзімі: 4 жыл**

**Қабылдау жылы: 2024**

| Компонент<br>(ЖК/ТК)                                                           | Пән<br>коды   | Пән атауы                                                                                                                                                                              | Семестр | Кредит<br>саны |
|--------------------------------------------------------------------------------|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|----------------|
| <b>1 Модуль - Тілдік модуль (20 академиялық кредит)</b>                        |               |                                                                                                                                                                                        |         |                |
| ЖББП МК                                                                        | ShT 1101      | Шетел тілі                                                                                                                                                                             | 1,2     | 10             |
| ЖББП МК                                                                        | K(O)T<br>1102 | Қазақ (орыс) тілі                                                                                                                                                                      | 1,2     | 10             |
| <b>2. Модуль - Жалпы білімдік пәндер (28 академиялық кредит)</b>               |               |                                                                                                                                                                                        |         |                |
| ЖББП МК                                                                        | KT 1103       | Қазақстан тарихы                                                                                                                                                                       | 2       | 5              |
| ЖББП МК                                                                        | ASBM<br>1104  | Әлеуметтік-саяси білім модулі<br>(әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану,<br>психология)                                                                                                | 1,2     | 8              |
| ЖББП МК                                                                        | AKT<br>1105   | Ақпараттық-коммуникациялық<br>технологиялар                                                                                                                                            | 1       | 5              |
| ЖББП МК                                                                        | Fil 1106      | Философия                                                                                                                                                                              | 2       | 5              |
| ЖББП ЖК                                                                        | PBBM<br>1107  | Пәнаралық білім беру модулі<br>(Қаржылық сауаттылық және<br>кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері<br>және сыбайлас жемқорлыққа қарсы<br>мәдениет, Экология және өмір<br>қауіпсіздігі) | 2       | 5              |
| <b>3 Модуль - Тіл білімі, дене шынықтыру, практика (12 академиялық кредит)</b> |               |                                                                                                                                                                                        |         |                |
| ЖББП МК                                                                        | Dsh 1108      | Дене шынықтыру                                                                                                                                                                         | 1,2,    | 4              |
| БП ЖК                                                                          | NKT<br>1201   | Нормативті қазақ тілі                                                                                                                                                                  | 1       | 6              |
| БП ЖК                                                                          | OP            | Оқу (таңысу) практика                                                                                                                                                                  | 2       | 2              |

### 3 Модуль - Тіл білімі, дене шынықтыру, практика

Дублин дескрипторлары А); В); С); Д); Е).

Пәннің атауы Нормативті қазақ тілі

Бағдарлама авторы Молдабаева З.М.

**Курсты оқытудың мақсаты** Нормативті қазақ тілі» курсы тіл, әдебиет мамандарын дайындау үшін оқылатын лингвистикалық пәндердің негізгісі болып есептеледі. Курс бүгінгі күні жалпыхалық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізін танытуды міндет етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны** «Бұл ғылыми-теориялық негіз маманға тілдегі барлық фактілерді, құбылыс, процестерді дұрыс танып, еркін түсіндіруге мүмкіндік береді, сондықтан «Нормативті қазақ тілі» курсы іргелі, практикалық сипатта оқытылады. Бұл курс берген білім қазақ тілінің тарихын, түрлі стильдік, функционалды жанрларын, оқыту әдістемесін орфоэпия, емле, пунктуация т.б. мәселеріне арналған пәндерді оқып, меңгеруіне тірек болады.

**Пререквизиттері** ЖББОМ қазақ тілі

**Постреквизиттері** Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы, Тіл біліміне кіріспе

**Оқытудан күтілетін нәтижелер** А) Қазақ тілінің құрылымдық жүйесінің басты мәселелерінен хабардар болады. В) Тілдің негізгі заңдылықтарын жетік меңгереді. С) Тілдің барлық саласы бойынша құрылымдық жүйесін таниды; Д) Тілдік талдау жасау дағдыларын қалыптасырады.

Қабылдау жылы: 2023

| Компонент<br>(ЖК/Т<br>К)                                                                     | Пән коды       | Пән атауы                                              | Семестр | Кредит<br>саны |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------------------------------------------------------|---------|----------------|
| <b>4. Модуль - Физиология және әдебиет пен тіл (18 академиялық кредит)</b>                   |                |                                                        |         |                |
| БП ЖК                                                                                        | TBK 2201       | Тіл біліміне кіріспе                                   | 3       | 5              |
| БП ЖК                                                                                        | ZhEFMG<br>2202 | Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп<br>гигиенасы    | 3       | 3              |
| БП ЖК                                                                                        | AK 2203        | Әдебиеттануға кіріспе                                  | 3       | 5              |
| БП ЖК                                                                                        | XAA 2204       | Халық ауыз әдебиет                                     | 3       | 5              |
| <b>5. Модуль - Педагогикамен инклюзия, тіл білімі, денешынықтыру (16 академиялық кредит)</b> |                |                                                        |         |                |
| БП ЖК                                                                                        | Ped 2205       | Педагогика                                             | 3       | 4              |
| БП ЖК                                                                                        | IBB 2206       | Инклюзивті білім беру                                  | 3       | 3              |
| БП ЖК                                                                                        | KKTFL<br>2207  | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен<br>лексикологиясы | 3       | 5              |
| ЖББП<br>МК                                                                                   | Dsh 1108       | Дене шынықтыру                                         | 3,4     | 4              |
| <b>6. Модуль - Әдебиет, тіл және ғылыми зерттеу, руханият (26 академиялық кредит)</b>        |                |                                                        |         |                |
| БП ЖК                                                                                        | GZA 2209       | Ғылыми зерттеу әдістері                                | 4       | 5              |
| БП ЖК                                                                                        | KTSZhM<br>2210 | Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен<br>морфологиясы    | 4       | 6              |
| БП ЖК                                                                                        | XDA 2211       | Хандық дәуір әдебиеті                                  | 4       | 5              |
| БП ЖК                                                                                        | UR 2212        | Ұлттық руханият                                        | 4       | 3              |
| БП ЖК                                                                                        | EDA 2213       | Ежелгі дәуір әдебиеті                                  | 4       | 5              |
| БП                                                                                           | PPP            | Психологиялық-педагогикалық практика                   | 4       | 2              |

#### **4. Модуль - Физиология және әдебиет пен тіл**

##### **Дублин дескрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы** Тіл біліміне кіріспе

**Бағдарлама авторы** Тектіғұл Ж.О.

**Курсты оқытудың мақсаты** «Тіл біліміне кіріспе» курсының басты мақсаты – тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және де студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру болып табылады.

**Пәннің қысқаша мазмұны** Бұл курс теориялық және практикалық екі бағытта жүргізіледі. Курстың теориялық бөлімінде тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдістері жайлы мәлімет беріледі, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен дамуы жайында, тілдің лексика, грамматика, фонетика салалары жайлы түсінік беріледі.

**Пререквизиттері** Нормативті қазақ тілі

**Постреквизиттері** Қазіргі қазақ тілі салалары негізінде білім деңгейін жалғастырады

**Оқытудан күтілетін нәтижелер** А) Тіл, таным, сана арасындағы қатынасқа қатысты тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарды меңгереді. В) Тілдің анықтамасын, коммуникативтік, кумулятивтік номинативтік, танымдық қызметтерін талдайды. С) Тілдерді жіктеу принциптері мен жіктемесін меңгереді. Д) Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарын меңгереді. Е) Тіл білімінің терминдерімен танысып, олардың салаларын сипаттай біледі.

**Дублин дескрипторлары:** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы:** Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы

**Бағдарлама авторы:** Бисалыева Р.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** балалар мен жас жеткіншектердің өсіп дамуының ерекшеліктерін, балалардың өсу қарқыны, мүшелерінің қалыптасуы, олардың қызметін реттеуші жүйке мен эндокринді жүйелердің маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы курсын оқытудағы мақсат педагогикалық бағыттағы білім алушылардың білімін профильдеу. Өртүрлі жастағы оқушылардың анатомо-физиологиялық жүйелерінің даму заңдылықтары туралы білімді қалыптастырады. Физиологиялық дамудың жас ерекшелік заңдылықтарын білу, даму заңдылықтарының заманауи проблемаларына сүйене отырып, оқу процесін, оқыту гигиенасын ұйымдастыру, оқытуда психологиялық мәселені қалыптастыру мәселелерін үйретеді.

**Пререквизиттері:** Жалпы биология (мектеп курсы)

**Постреквизиттері:** Педагогикалық практика

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А. болашақ педагогтарға қажетті балалар мен жасөспірімдердің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктерін біледі;

В. өсу мен дамудың негізгі биологиялық заңдылықтары туралы дұрыс түсініктерін қалыптастырады;

С. балалар ағзасының күрделі құрылымын, мүшелер мен оның құрамдас бөліктерінің орналасуын еркін анықтай алады;

Д. адам ағзасының ішкі және сыртқы құрылысы мен қызметі, жас ерекшеліктеріне сай даму динамикасы жөнінде терең мағлұматтарды игереді;

Е. білім беру мекемелерінде балаларды оқыту және тәрбие процесінің санитарлық-гигиеналық талаптарын бағалай алады.

**Дублин дескрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы** Әдебиеттануға кіріспе

**Бағдарлама авторы** Сұлтанғалиева Ж.С.

**Курсты оқытудың мақсаты** Әдебиет аяғын заманмен бірге алып жүретін өміршең ғылым болғандықтан ол өз қазанында өзі қайнамай үнемі жаңадан өркен салып, даму үстінде

болмақ. Сол даму жолында ол басқа да ғылым салаларымен байланысып, соны бағдар ұстанған, жаңаша зерделенген танымдар мен эстетикалық құндылықтарға қол жеткізері сөзсіз.

**Пәннің қысқаша мазмұны** Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы, өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; өнердің халықтығы, мазмұны мен пішіні, композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру, көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

**Пререквизиттері** ЖББОМ қазақ әдебиеті

**Постреквизиттері** Әдебиет теориясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Әдебиеттану ғылымына кіріспе пәнін оқи отырып, меңгерген білімі мен икемділігі студентке мына мамандықтарды игеру; В) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы, өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, көркем туындының тақырыбының идеясы, мазмұны мен пішіні, композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; D) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету; E) студенттерді жалпы сын, әдебиет сыны туралы толық біліммен қаруландыру;

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)**

**Пәннің атауы:** Халық ауыз әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Ұлықпанова Ә.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** «Халық ауыз әдебиетін» жеке пән ретінде оқыту арқылы ғылыми мазмұндылығы терең білім беру, фольклорлық жанрлар жүйесін мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзінше сипатын танытып, жастарға тағлым беру көзделеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Халық ауыз әдебиеті» пәні қазақ халқының ауызша тараған көркем шығармаларын жанрлық және мазмұндық тұрғыдан жүйелі түрде таныстырады. Студенттер ертегі, аңыз, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары сияқты дәстүрлі мұралармен қатар, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен көркемдік жүйесін талдайды. Пән ауыз әдебиетінің тәрбиелік, дүниетанымдық, эстетикалық мәнін ашуға және оны ұлттық әдеби процестің бастау көзі ретінде қарастыруға бағытталған.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттері:** Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті, Ұлттық руханият

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Фольклорлық жанрлар жүйесін білу және түсіну: Студенттер қазақ халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрларын, олардың құрылымдық ерекшеліктерін және тарихи дамуын терең түсінетін болады. В) Фольклор мен жазба әдебиеттің байланысын қолдануы: Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара байланысын, олардың әсерін практикалық тұрғыда қолдана білуі. С) Әлемдік фольклортану бағыттарын талдай білу: Әлемдік фольклортану ғылымындағы негізгі теориялық мектептер мен бағыттарды танып біледі және қазақ фольклорының жанрлық түрлерін талдай біледі. D) Фольклорлық мәтіндерді зерттеу арқылы поэтикалық тәсілдер мен көркемдік құралдарды қолданып, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Эссе, баяндамалар мен мәнжазбалар жазып, жаңаша идеяларды синтездеу және жоспар құру дағдыларын меңгереді. E) Жасанды интеллект және цифрлық платформаларды (<https://chatgpt.com/>, <https://www.d-id.com/>, <https://lucidchart.com/>, <https://quizlet.com/>, <https://canva.com/> т.б.) пайдалана отырып, халық ауыз әдебиетінің жанрларын зерттеуге арналған интерактивті және креативті өнімдер әзірлейді. Бұл өнімдерді білім беру және мәдени мұраны насихаттау үдерістерінде қолдану мүмкіндіктерін талдайды.

## **5. Модуль – Педагогика мен инклюзия, тіл білімі, дене шынықтыру**

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Педагогика

**Бағдарлама авторы:** Тоғайбаева А.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім беру жүйесінде педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша сипаттамасы:** Пәнді оқу барысында адам туралы ғылымдар жүйесіндегі педагогиканың алатын орны, оның зерттеу пәні және негізгі ұғымдары туралы айтылады. Педагогикалық үдерістің құрамды компоненттері, мәні мен оларды жүзеге асыру заңдылықтары, қағидалары, формалары және әдіс-тәсілдері, құралдары, ерекшелігі баяндалады. Бүгінгі педагогика ғылымындағы адам капиталын қалыптастырудағы басты талаптар мен мәселелер, инновациялық технологиялар, білім беру жүйесін басқару қағидалары меңгертіледі.

**Пререквизиттері:** Философия, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бағалаудың өлшемдік технологиялары

**Постреквизиттері:** Қазіргі заман білім беру технологиялары, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, Педагогикалық имиджелогия және корпоративті мәдениет

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы, бизнес және кәсіпкерлік, экономика саласындағы іргелі білімдерін, психология және білім беруді басқару саласындағы табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің Қазақстан мәдениетінің негізгі заңдылықтарын көрсетеді, негізгі құндылықтар туралы білімді қолданады;

В) Жаңартылған білім беру мазмұнының қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес оқытудың стандартты, қолданбалы, қазіргі заманғы әдістерін, ІТ технологияларды, психологиялық-педагогикалық пәндердің креативті технологияларын пайдалану біліктері мен дағдыларын көрсетеді;

С) Болашақ мұғалімдерді дайындаудың негізі ретіндегі мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің мәні мен өзгешелігі және кәсіби-педагогикалық іс-әрекет теориясы туралы білімдерді игереді;

Д) Педагогикалық үдеріс заңдылықтарына, тәрбиелік тетіктеріне сәйкес білім беру процесін жобалау және жүзеге асыру құзыреттіліктерін айқындайды;

Е) Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті, педагогикалық қарым-қатынас пен педагогикалық техниканы, педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларымен субъект-субъектілі өзара әрекеттестікті ұйымдастырып, білім беру кеңістігінде педагогикалық технологияларды тиімді қолданады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Инклюзивті білім беру

**Бағдарлама авторы:** Амантаева Б.И.

**Курсты оқытудың мақсаты:** білім алушыларға инклюзивті білім берудің теориялық негіздерімен және Қазақстанда оның қалай іске асырылып жатқанымен таныстыру, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелері туралы жан-жақты білім беру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Инклюзивті білім беру» курсының мақсат- міндеттері, пәні, объектісі, «инклюзивті білім беру» ұғымы. Қазақстан Республикасында және шетелде инклюзивті білім берудің даму тарихы. Инклюзивті білім берудің құндылықтары, қағидалары. Инклюзивті білім беру моделі. Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық құжаттары. Инклюзивті білім берудегі педагогтың ролі. Педагогтардың, ата-аналар мен мамандардың өзара әрекеттесу нысандары және қызметін үйлестіру. Есту, көру, сөйлеу қабілеті бұзылған, зияты зақымдалған, психикалық даму тежелген, тірек-қимыл аппараты бұзылған, мінез-құлық және эмоционалдық бұзылыстары бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Қоршаған ортаның қолайсыз факторларына байланысты оқу қиындықтары бар және дарынды балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. ЕББҚ бар білім алушылардың жеке оқу траекториясын жоспарлау технологиялары. ЕББҚ бар балаларды

инклюзивті ортада оқыту технологиялары. Инклюзивті білім беру жағдайында критериалды бағалау жүйесін ұйымдастыру. Инклюзивті білім беру жағдайында орта білім беру ұйымдарының ішкі құжаттарын әзірлеу.

**Пререквизиттері:** Педагогика, 21 ғасыр мұғалімінің кәсіби дамуы

**Постреквизиттері:** Жалпы білім беру жүйесіндегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық педагогикалық жетелеу әдістемесі, Арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық актілері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіруді, білім беру мен тәрбиелеу сабақтастығын біледі және түсінеді;

В) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі танымдық қызметін жетілдіру әдістерін қолданады;

С) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдылары мен танымдық қызметін жетілдіру әдістерін талдайды;

Д) Ерекше білім беру қажеттілігі бар тұлғалардың күнделікті өмірдегі әлеуметтік мәнді дағдыларын жүйелейді;

Е) Дамуында әртүрлі ауытқушылығы бар ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру, білім беру мен тәрбиелеу сабақтастығын бағалайды.

**Дублин дескрипторлары** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы** Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы

**Бағдарлама авторы** Садуақас Н.Ә.

**Курсты оқытудың мақсаты** Бұл пән Тіл білімінің бір саласы – фонетика мен лексикология, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикология туралы теориялық білім беруге арналған. Фонетика – тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Адам баласының тілі – дыбыстық тіл. Адамның пікір алысуына, бір-бірімен түсінісуіне қызмет ететін тіл – қарым-қатынас құралы, қоғамдық құбылыс. Тілдің дыбыс жүйесін жүйелі түрде зерттеп білу қажет. Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасын, өзіндік ерекшеліктері мен түрлерін, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық білім беру.

**Пәннің қысқаша мазмұны** сөз, лексика, лексикология, сөздік қор, сөздік құрам анықтамасын біліп, сипаттама беруі; сөз топтары (арнаулы сөздер, әдеби сөздер, басқыншы сөздер, бейтарап сөздер, жалпыхалықтық сөздер, жаңа сөздер, жергілікті сөздер, актив сөздер, көне сөздер, кірме сөздер, пассив сөздер, төл сөздер, стильдік бояуы бар сөздер) мен сөз түрлерін (түрпеттес сөздер, мәндес сөздер, қарсымәндес сөздер, тұлғалас сөздер, айтылымдас сөздер, жазылымдас сөздер, сыпайы сөздер, тұрпайы сөздер, тергеу сөздер, сипаттама сөздер, жұптас сөздер, көшірме сөздер, елтаным сөздер, бір қолданым сөздер) бір-бірінен айыра білуі; сөздену, сөз төркіні, сөздікжасам, сөздік туралы мағлұматтары болуы; фразеология, тұрақты тіркес, еркін тіркес, фразеологизмдер анықтамасын біліп, сипаттама беруі; фразеологизмдердің жасалу жолдары, фразеологизмдердің түрлері, фразеологиялық мағына (фразеологиялық түрпеттер, мәндес фразеологизмдер, қарсы мәндес фразеологизмдер, тұлғалас фразеологизмдер, көп мағыналы фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) туралы теориялық білімдері болуы. Тілдің дыбыс жүйесі, фонетика мен лексикология, фонема, вариант, вариация, фонема саны, құрамы, фонетикалық ерекшеліктері, артикуляция-акустикалық жіктелуі, буын, дыбыстар тіркесі, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. теориялық заңдылықтары туралы

**Пререквизиттері** Нормативті қазақ тілі

**Постреквизиттері** Жалпы тіл білімі, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Фонетиканың негізгі ұғымдарымен танысады; В.

Фонетикалық заңдылықтарды игереді; С. Фонетикалық құбылыстарды ажыратып, тілдегі

орнын айқындауға төселеді; Д. Дыбыстар үндесімін, буын түрлерін, дыбыстар тіркесімі мен

игерілуін меңгереді; Е. Фонетикалық талдау жасауға төселеді

## **6. Модуль - Әдебиет, тіл және ғылыми зерттеу, руханият**

**Дублин дескрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы** Ғылыми зерттеу әдістері

**Бағдарлама авторы** Исакова С.С.

**Курсты оқытудың мақсаты** Ғылыми зерттеу әдістері курсы ғылыми жоба жазуға, ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасауға, ғылыми әдістерді тану мен пайдалануға үйретеді. Білім алушы өзі жазған ғылыми зерттеуінің нәтижелерін ауызша және жазбаша сауатты түрде таныстыра алуына қатысты ұсыныстар беріледі.

**Пәннің қысқаша мазмұны** Курста берілген тапсырмаларды орындау жоспарлау, жазу және тексеру сияқты үш басты кезеңнен тұрады. «Ғылыми зерттеу әдістері» курсын игеру нәтижесінде төмендегідей құзыреттер қалыптасады: ғылыми жоба тақырыбының өзектілігін көрсете алуы; зерттеудің мақсат, міндеттерін дұрыс анықтауы; ғылыми зерттеу әдістерін қолдана алуы; ғылыми жобаны ресімдеудің техникалық ережелерінің сақталуы.

**Пререквизиттері** Тіл біліміне кіріспе

**Постреквизиттері** Жалпы тіл білімі

А) таңдалған тақырыптың өзектілігін нақтылау; В) мақсат қоя білу немесе зерттеудің нақты міндеттерін ажырату; С) нысан мен зерттеу пәнін анықтау; Д) зерттеуді жүргізу әдісін таңдау; Е) зерттеу үрдісіне сипаттану;

**Дублин дескрипторлары** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы** Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы мен морфологиясы

**Бағдарлама авторы** Иманғазина А.А.

**Курсты оқытудың мақсаты** (*оқу бағдарламасына сәйкес*) Сөзжасам» бұрын өтілетін «Қазақ тілі грамматикасы» пәнінде баяндалып кететін ұғымдар мен категорияларды сөздің жасалу жолдары, жаңа сөз пайда болу қағидаларымен жан жақты терең қамтуға тиіс. Бұл пән бойынша мынадай манызды теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: тілдің грамматикалық единицалары (морфема, сөз), тілдің грамматикалық құрылысы, негізгі грамматикалық ұғымдар (грамматикалық мағына, форма, категория, тәсілдер), сөздің тұлғалық құрамы (негізгі туынды сөз), қосымшалар (жұрнақ, жалғау), олардың түрлері, сөз, оның түрлері (жалаң, күрделі) және сөздердің лексика- грамматикалық топтары.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәннің негізгі нысаны - тілдің морфологиялық ерекшелігі, сөз құрамы, сөз таптастыру мәселесі т.б. мәселелер. Зерделеу бағыты: қазақ тіліндегі жаңа сөздердің пайда болуын лексика семантикалық, морфологиялық, синтаксис салаларымен байланыста қарап, тілдік бірліктердің үнемі даму үрдісін меңгеру

**Пререквизиттері** Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы, Тіл біліміне кіріспе

**Постреквизиттері** Жай сөйлем синтаксисі, Қазақ тілін оқыту әдістемесі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер** А. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамын оқытуда оқушылардың коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, және т.б. құзыреттіліктерін қалыптастырады; В. Студенттер тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім бойынша қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы пәнінен алған мәліметтерді, теориялық білімдерді игереді; С. Алған білімдерін теорияда пайдалана отырып, түрлі пікірлерді саралайды; Д.Өз пікірлерін дәлелдей алатындай, соны өзгеге үйрете алатындай дәрежеде болады.

**Дублин дескрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Хандық дәуір әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Ташимбаева С.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Бұл пәннің мақсаты – студенттерді XV-XIX ғасырлар арасындағы қазақ әдебиетінің дамуы, көркемдік бағыты және тарихи контекстімен таныстыру. Хандық дәуір ақын-жырауларының шығармалары арқылы елдік рух, ерлік пен даналық идеалдарын зерделеу көзделеді. Сонымен қатар, жыраулық поэзияның тілдік ерекшеліктерін,

идеялық мазмұнын терең түсінуге және тарихи-әдеби ойлау қабілетін дамытуға жағдай жасалады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Хандық дәуір әдебиеті» оқыту арқылы студенттердің білімдерін тереңдетуге күш салынады. Рухани-мәдени құндылықтар, ұлттық идея, жаңа көзқарас тұрғысынан бағаланып, көркемдік қуаты, парасат-пайымы, ой толғамы ерекше шығармалардың генезисі, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, ғылыми-танымдық сипатын қалыптастыратын арнайы пән болып табылады. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, ақын-жыраулар шығармашылығын оқыту арқылы студенттердің білімдерін тереңдетуге күш салады.

**Пререквизиттер:** Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дәуір әдебиеті

**Постреквизиттер:** XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Қазіргі кезеңдегі әдеби процесс

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) хандық дәуір әдебиетін оқыту арқылы өз бетінше анализ жасай білуге, оның қай тарихи-мәдени өмірдің, қандай бағыттың, ағымның, мектептің туындысы екенін ажырата біледі В) шығармалардың жалпы адамзаттың құндылығын таныту арқылы әдеби құбылыстарды түсіндіре біледі С) әдеби шығармаларды оқу теория мен әдебиет тарихымен байланыстырып салыстыра алады D) тақырып таңдау, материал жинау, конспект жазуды меңгере біледі; ақын-жыраулар шығармаларын ажырата алады Е) ақын-жыраулар шығармаларының идеялық, эстетикалық мазмұнын аша білуге дағдыланады; ақын- жыраулар шығармаларын талдаудағы оның табиғатын біледі.

**Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, Е)**

**Пәннің атауы:** Ұлттық руханият

**Бағдарлама авторы:** Ұлықпанова А.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Адамның рухани дамуы мәдениетте үлкен рөл атқарады. Ойткені, руханилығы жоғары адамдары бар қоғам ғана жоғары дамыған мәдениет жасай алады. Жеке адамның рухани дамуы халықтың санасымен, психологиясымен, саяси белсенділігімен ұштасып жатады. Қоғамның қалыпты рухани дамуы әлеуметтік құрылымға, әр түрлі топтарға, олардың әрекет аясына өзгерістер енгізеді. Мәдениетті адам рухани бастаулардан нәр алатын қоғамда ғана қалыптасуы мүмкін.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Руханият адамға әдебиет, өнер, халық даналығы, салт, мәдени дәстүрлер, ғылым, білім арқылы келеді. Мәдениет әр түрлі құндылықтардың бірлігі ретінде адамды рухани бостандыққа жетектейді. Рухани құндылықтар өмірге мағына береді, болашаққа жол ашады. Руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы бар. Рухани мәдениет адамның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты, қадірі, адамшылығы, ұяттылығы, тәрбиелігі, зиялылығы, қарапайымдылығы арқылы көрінеді. Адамның адамгершілік қасиеттерінің жоғарлығы- руханилықтың негізі.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

**Постреквизиттері:** Абайтану, Ежелгі дәуірден XIX ғ.д. қазақ әдебиеті тарихы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Мәдениетті адам өзінің мәдени деңгейін үнемі арттырады, В) Әр істе жоғары саналылық танытады, С) Дүниежүзілік әдебиет және көркемөнер жетістіктерімен үзбей танысып отырады, D) Рухани байлығы мол адам ғана шын мәдениеттің дамуына үлес қоса алады Е) Адамгершілік қасиеттерді қастерлейді, рухани мұраттар мен құндылықтарды ұстанады.

**Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, Е)**

**Пәннің атауы:** Ежелгі дәуір әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Ташимбаева С.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** сақ-ғұн дәуірінен бастап ортағасырлық түркі халықтарының әдеби мұрасын тарихи, мәдени және көркемдік тұрғыдан жүйелі зерттеу. Бұл пән арқылы студенттер түркі әлемінің әдебиетіне тән идеялық және эстетикалық ерекшеліктерді терең

түсінеді. Сондай-ақ, ежелгі жазба ескерткіштердің мазмұны мен олардың халық дүниетанымындағы рөлін ғылыми тұрғыдан талдау дағдылары қалыптасады. Пән ұлттық әдебиет тарихының бастаулары мен оның жалғастығын қазіргі әдеби процеске байланыстыра зерделеуді көздейді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні түркі халықтарының жазба мәдениетінің бастауларын таныстырып, сонау Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастап, Қарахан, Қыпшақ, Алтын Орда тұсындағы әдеби мұраларға дейінгі кезеңді қамтиды. Студенттер әдеби шығармалардың тарихи негізін, көркемдік сипатын және ой-танымдық ерекшеліктерін меңгереді. Пән көне түркі әдебиетінің қазіргі қазақ әдебиетіне ықпалын, тілдік және дүниетанымдық сабақтастығын түсіндіруге бағытталады.

**Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе, Халық ауыз әдебиеті, Ұлттық руханият

**Постреквизиттер:** XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ежелгі дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығы және басқа да ортағасырлық әдеби жәдігерлердің негізгі ерекшеліктерін біледі, олардың түркі халықтарының мәдени және рухани дамуына тигізген әсерін түсінеді. Ежелгі дәуір әдебиетінің тарихи және мәдени маңызын сындарлы тұрғыдан бағалайды.

В) Ежелгі түркі әдебиетіне қатысты алған білімдерін тарихи-мәдени және әдеби контексте қолдана отырып, әдебиеттану саласындағы өзекті мәселелерді ғылыми негізде талдай алады.

С) Ежелгі әдеби ескерткіштердің жанрлық және идеялық ерекшеліктерін, олардың мазмұнындағы дүниетанымдық және философиялық аспектілерді сараптайды. Әдеби шығармаларды талдау барысында заманауи ғылыми әдістерді қолданады. Д) Эссе, зерттеу мақалалары, аналитикалық баяндамалар әзірлеу арқылы шығармашылық және ғылыми ізденіс қабілеттерін дамытады. Ойларын логикалық тұрғыда құрастырып, ғылыми дәлелдер келтіру және жаңаша идеялар ұсыну дағдыларын меңгереді. Е) Жасанды интеллект құралдарын (<https://chatgpt.com/>, <https://www.d-id.com/>, <https://lumalabs.ai/dream-machine>, <https://www.mozaweb.com/ru/3D>, <https://www.canva.com/> т.б.) пайдалана отырып, ежелгі дәуір әдебиеті бойынша цифрлық жобалар әзірлейді. Осы құралдардың әдебиет зерттеуі мен білім беру үдерістеріндегі мүмкіндіктерін талдап, тиімді қолдану жолдарын қарастырады.

**Қабылдау жылы: 2022**

| Компонент<br>(ЖК/ТК)                                                                | Пән коды   | Пән атауы                                   | Семестр | Кредит саны |
|-------------------------------------------------------------------------------------|------------|---------------------------------------------|---------|-------------|
| <b>7.1.Модуль - Әдебиет тарихы және оқыту (20 академиялық кредит)</b>               |            |                                             |         |             |
| БП ЖК                                                                               | КТОА 2301  | Қазақ тілін оқыту әдістемесі                | 5       | 5           |
| КП ТК                                                                               | А 2302     | XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті                | 5       | 5           |
| БП ТК                                                                               | ЕДА 2303   | Ежелгі дәуірден XIX ғасырға дейінгі әдебиет | 5       | 5           |
| КП ТК                                                                               | КАОА 2304  | Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі            | 5       | 5           |
| <b>7.2. Модуль - Қазақ әдебиетінің тарихы және әдістеме (20 академиялық кредит)</b> |            |                                             |         |             |
| БП ЖК                                                                               | КТОА 2301  | Қазақ тілін оқыту әдістемесі                | 5       | 5           |
| КП ТК                                                                               | КАВ 3302   | Қазақ әдебиетінің бастаулары                | 5       | 5           |
| БП ТК                                                                               | ОККА 2303  | Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті         | 5       | 5           |
| КП ТК                                                                               | КАОАТ 2304 | Қазақ әдебиетін оқыту технологиялары        | 5       | 5           |
| <b>8.1. Модуль - Қазіргі қазақ тілі және әдебиет тарихы (15 академиялық кредит)</b> |            |                                             |         |             |
| БП ТК                                                                               | XX А 2305  | XX ғ. қазақ әдебиеті                        | 6       | 5           |

|                                                                                          |              |                                                  |   |   |
|------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|--------------------------------------------------|---|---|
| БП ТК                                                                                    | SZhM 2306    | Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы | 5 | 5 |
| БП ТК                                                                                    | KKTS 2307    | Қазіргі қазақ тілі синтаксисі                    | 6 | 5 |
| <b>8.2. Модуль - Тіл мәселелері және әдебиет (15 академиялық кредит)</b>                 |              |                                                  |   |   |
| БП ТК                                                                                    | XX AT 2305   | XX ғ. қазақ әдебиетінің тарихы                   | 6 | 5 |
| БП ТК                                                                                    | KTMU 2306    | Қазіргі қазақ тілі морфологиясы мен сөзжасамы    | 5 | 5 |
| БП ТК                                                                                    | KTSM 2307    | Қазақ тілі синтаксисінің мәселелері              | 6 | 5 |
| <b>9. Модуль - Білім берудегі менеджмент және кәсіби практика (9 академиялық кредит)</b> |              |                                                  |   |   |
| КП ЖК                                                                                    | BVMK 3308    | Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық       | 5 | 5 |
| КП                                                                                       | PP           | Педагогикалық практика                           | 6 | 4 |
| <b>10.1. Модуль - Қазақ әдебиеті және жаңартылған білім (16 академиялық кредит)</b>      |              |                                                  |   |   |
| КП ЖК                                                                                    | KTZhBO 3309  | Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту (жоба)        | 6 | 6 |
| КП ТК                                                                                    | AAd 3310     | Әлем әдебиеті                                    | 6 | 5 |
| БП ТК                                                                                    | KAP 2311     | Қазіргі әдеби процесс                            | 6 | 5 |
| <b>10.2. Модуль - Әдебиет және оқыту әдістемесі (16 академиялық кредит)</b>              |              |                                                  |   |   |
| КП ЖК                                                                                    | KTAZhBO 3309 | Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту               | 6 | 6 |
| КП ТК                                                                                    | ShA 3310     | Шетел әдебиеті                                   | 6 | 5 |
| БП ТК                                                                                    | TZhA 2311    | Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет                 | 6 | 5 |

## 7.1.Модуль - Әдебиет тарихы және оқыту

**Дублин дискрипторлары:** (А, В, С, Д, Е)

**Пәннің атауы:** Қазақ тілін оқыту әдістемесі

**Бағдарлама авторы:** Абдирова Ш.Г.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің мазмұны мектепте оқылатын «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны мен құрылымын, оқу пәнінің бағдарламасын қазақ тілін оқыту құралдарының сипатын, оқу-әдістемелік кешен түсінігін, оның құрамын, қазақ тілін оқытудағы қазіргі технологияларды, оқытудың әдіс-тәсілдерін қамтиды.

**Пререквизиттері:** Бағалаудың өлшемдік технологиялары

**Постреквизиттері:** Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) қазақ тілін оқыту әдістемесінің терминдерін меңгерту; В) оқу пәні ретіндегі қазақ тілінің мазмұны мен құрылымын игерту; С) оқу-әдістемелік кешен түсінігін қалыптастыру; Д) қазақ тілін оқытудың қазіргі технологиясы, әдіс-тәсілдер, сабақ типтері, қазақ тілі курсының бөлімдерін оқыту әдістері бойынша білім беру;Е) қазақ тілі бойынша игерген білімдерін бақылау және бағалау негіздерін игерту, дағдыларын қалыптастыру.

**Дублин дескрипторлары** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы** XIX ғасырдағы әдебиет тарихы

**Бағдарлама авторы** Жұмағалиева Р.Р.

**Курсты оқытудың мақсаты** XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениетталаптарына сайоқыту.XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды

жүйелі түрде меңгерту болып табылады. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқыту.

**Пәннің қысқаша мазмұны** XIX ғасыр әдебиет үлгісі түрі мол, сан жанрлы әдебиет. Олардың басты өкілдері: XIX ғасыр әдебиетінің аса көрнекті өкілдері бостандық рухты жырлаған Махамбет, Шернияз, зар заман әдебиетінің айтулы тұлғалары Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, әйгілі айтыс ақындары мен атышулы сал-серілер Біржан сал, Ақан сері, Әсет. Қисашыл ақындар, Қоқан езгісіндегі өңірдің әдебиет өкілдері Сүйінбай, Майлықожа, Базар, жазба әдебиет өкілдері Абай, Ыбырай, Шоқан. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра отырып, XIX ғасыр әдебиетінің дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзиямен сабақтастығы, көркемдік-стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық баяндалады.

**Пререквизиттері:** Халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті

**Постреквизиттері:** XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Қазіргі әдеби процесс, Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды көркемдік ерекшелігіне қарай саралай отырып, онда қолданылған поэтикалық әдіс-тәсілдерді талдау; В. XIX ғасырдағы әдеби шығармалардың мәтіндерімен таныс болу. С. XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдай алады; тарихи-типологиялық салыстыру негізінде XIX ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдау жасап, оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсете біледі; D. пән бойынша қамтылатын әдеби шығармаларды романтизм, реализм көркемдік әдістерінің ұлттық және жалпыазаматтық сарындар жүйесімен (зар заман, діни-исламдық, ағартушылық ағымдар) тектестігін және өзгешеліктерін саралайды. Е. осы дәуір ақын-жырауларының шығармаларын жатқа біледі.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Ежелгі дәуірден XIX ғасырға дейінгі әдебиет

**Бағдарлама авторы:** Ташимбаева С.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Бұл пәннің мақсаты – студенттерді қазақ әдебиетінің ежелгі түркі жазба ескерткіштерінен бастап, XIX ғасырдағы реалистік бағыттағы ақын-жыраулар шығармашылығына дейінгі тарихи-көркемдік дамуы мен негізгі кезеңдерімен таныстыру. Студенттер әдебиеттің тарихи контекстегі көркемдік табиғатын, ұлттық руханият пен дүниетаным қалыптасуындағы орнын түсінеді. Сонымен қатар, әдебиеттегі дәстүр жалғастығы мен жанрлық-стильдік ерекшеліктерді саралауға машықтанады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән мазмұны ежелгі түркі дәуірі әдебиетінен бастап, Қорқыт ата, жыраулық поэзия және XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармашылығын қамтиды. Орхон-Енисей жазба мұралары, ортағасырлық діни-дидактикалық шығармалар, хандық дәуірдегі жыраулар мен ақындар поэзиясы әдебиет тарихының біртұтас даму үдерісінде қарастырылады. Курста тарихи жағдай, идеялық-эстетикалық бағыттар мен көркемдік ізденістер жүйелі түрде талданады.

**Пререквизиттер:** Әдебиеттануға кіріспе, Халық ауыз әдебиеті, Ұлттық руханият

**Постреквизиттер:** Әдебиет теориясы, Қазақ әдебиеті сынының тарихы, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ежелгі дәуірден бастап XIX ғасырға дейінгі қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін, көрнекті өкілдері мен шығармаларының мазмұндық, жанрлық ерекшеліктерін меңгереді; әр кезең әдебиетінің тарихи-мәдени негіздерін түсінеді және ұлттық әдеби мұраның рухани құндылық ретіндегі орнын бағалайды. В) Әдеби шығармаларды тарихи, мәдени және идеялық контексте қарастыра отырып, жыраулық поэзия мен классикалық дәуірдегі әдеби туындылардың тақырыптық-идеялық мәнін ғылыми тұрғыда талдай алады. С) Әдеби мұралардың дүниетанымдық, философиялық, адамгершілік мазмұнын

сараптай отырып, көркемдік құралдар мен стильдік ерекшеліктерді анықтайды; әдеби мәтіндерді заманауи ғылыми әдістер арқылы талдауға машықтанады.

**Д)** Эссе, ғылыми баяндама, шолу және зерттеу жобаларын әзірлеу арқылы сыни ойлау, дербес тұжырым жасау, логикалық дәлелдер келтіру және шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытады. **Е)** Цифрлық білім беру платформаларын (ChatGPT, MozaWeb 3D, Canva, Venngage, Artsteps және т.б.) пайдалана отырып, ежелгі және классикалық әдебиет негізінде танымдық мазмұндағы жобалар дайындайды; бұл құралдардың әдебиет оқыту мен зерттеудегі тиімді тәсілдерін саралап, сандық сауаттылығын арттырады.

**Дублин дискрипторлары:** (А, В, С, Д, Е)

**Пәннің атауы:** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

**Бағдарлама авторы:** Кушкимбаева А.С.

**Курсты оқытудың мақсаты** пәннің типтік бағдарламасына сай қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Студенттерді әдебиетті оқыту әдістемесінің даму тарихымен, оған үлес қосқан ғалымдардың бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік проблемаларымен таныстыру. ҚР бойынша әдебиеті тиімді оқытып жүрген жаңашыл мұғалімдер еңбегін оқу, зерттеу.

**Пререквизиттері:** Халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Ұлттық руханият

**Постреквизиттері:** Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту (жоба), Қазіргі әдеби процесс

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** **А)** Қазақ әдебиетін мектепте және жоғары оқу орнында оқыту үдерісінің мазмұны мен әдіснамалық негіздерін меңгереді; әдеби білім беру жүйесінің тарихи даму кезеңдері мен заманауи талаптарын түсінеді. **В)** Әдеби шығармаларды жанрлық, идеялық, көркемдік тұрғыдан талдаудың әдістерін игере отырып, оқушының жас ерекшелігі мен қабылдау деңгейіне сай оқыту технологияларын таңдай алады. **С)** Әдебиетті оқытуда инновациялық әдістер мен цифрлық ресурстарды (интерактивті платформа, мультимедиа, визуалды материалдар) тиімді қолдану тәсілдерін меңгереді; шығармашылық тапсырмалар мен оқыту стратегияларын құрастыра алады. **Д)** Әдебиет сабағына арналған сабақ жоспары, оқу жобасы, талдау үлгісі сияқты әдістемелік өнімдерді әзірлеу барысында дербес шешім қабылдау, ғылыми негізде дәлелдеу және кәсіби-шығармашылық қабілеттерін дамытады. **Е)** Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын заманауи бағалау жүйелерін (критериалды бағалау, рефлексия, портфолио, қалыптастырушы бағалау т.б.) тиімді ұйымдастырып, оқу үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық рефлексия жүргізе алады.

## **7.2. Модуль - Қазақ әдебиетінің тарихы және әдістеме (20 академиялық кредит)**

**Дублин дискрипторлары:** (А, В, С, Д, Е)

**Пәннің атауы:** Қазақ әдебиетінің бастаулары

**Бағдарлама авторы:** Мұхан А.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** сақ-ғұн дәуірінен бастап ортағасырлық түркі халықтарының әдеби мұрасын тарихи, мәдени және көркемдік тұрғыдан жүйелі зерттеу. Бұл пән арқылы студенттер түркі әлемінің әдебиетіне тән идеялық және эстетикалық ерекшеліктерді терең түсінеді. Сондай-ақ, ежелгі жазба ескерткіштердің мазмұны мен олардың халық дүниетанымындағы рөлін ғылыми тұрғыдан талдау дағдылары қалыптасады. Пән ұлттық әдебиет тарихының бастаулары мен оның жалғастығын қазіргі әдеби процеске байланыстыра зерделеуді көздейді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Қазақ әдебиетінің бастаулары» пәні түркі халықтарының жазба мәдениетінің бастауларын таныстырып, сонау Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастап, Қарахан, Қыпшақ, Алтын Орда тұсындағы әдеби мұраларға дейінгі кезеңді қамтиды. Студенттер әдеби шығармалардың тарихи негізін, көркемдік сипатын және ой-танымдық ерекшеліктерін меңгереді. Пән көне түркі әдебиетінің қазіргі қазақ әдебиетіне ықпалын, тілдік және дүниетанымдық сабақтастығын түсіндіруге бағытталады.

**Пререквизиттері:** Қазақ халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе

**Постреквизиттері:** Отаршылдық дәуіріндегі қазақ әдебиеті, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Қазіргі әдеби процесс

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Қазақ әдебиетінің бастауларында тұрған көрнекті өкілдерінің шығармашылығы және басқа да ортағасырлық әдеби жәдігерлердің негізгі ерекшеліктерін біледі, олардың түркі халықтарының мәдени және рухани дамуына тигізген әсерін түсінеді. Қазақ әдебиетінің бастауларының тарихи және мәдени маңызын сындарлы тұрғыдан бағалайды. В) Қазақ әдебиетінің бастауларына қатысты алған білімдерін тарихи-мәдени және әдеби контексте қолдана отырып, әдебиеттану саласындағы өзекті мәселелерді ғылыми негізде талдай алады. С) Қазақ әдебиетінің бастауларының жанрлық және идеялық ерекшеліктерін, олардың мазмұнындағы дүниетанымдық және философиялық аспектілерді сараптайды. Әдеби шығармаларды талдау барысында заманауи ғылыми әдістерді қолданады. Д) Эссе, зерттеу мақалалары, аналитикалық баяндамалар әзірлеу арқылы шығармашылық және ғылыми ізденіс қабілеттерін дамытады. Ойларын логикалық тұрғыда құрастырып, ғылыми дәлелдер келтіру және жаңаша идеялар ұсыну дағдыларын меңгереді. Е) Қазақ әдебиетінің бастаулары бойынша цифрлық жобалар әзірлейді. Осы құралдардың әдебиет зерттеуі мен білім беру үдерістеріндегі мүмкіндіктерін талдап, тиімді қолдану жолдарын қарастырады.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Мұхан А.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы кезеңін құрайтын мұраларды қазіргі заманғы әлемдік өркениет талаптарына сай оқыту – пәннің негізгі мақсаты. Отаршылдық дәуіріндегі (XIXғ) қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениет талаптарына сай оқыту. Отаршылдық дәуіріндегі қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды жүйелі түрде меңгерту болып табылады. Отаршылдық дәуір әдебиетін қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқыту болып табылады. Көркем шығармаларды көркемдік ерекшелігіне қарай саралай отырып, онда қолданылған поэтикалық әдіс-тәсілдерді талдау, мәтіндерімен таныс болу, осы дәуір ақын-жырауларының шығармаларын жатқа білу.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Отаршылық дәуіріндегі қазақ әдебиеті – ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтитын пән. Пәннің мазмұнында ауызша дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыда түсіндіріледі. Сонымен қатар кезең әдебиетінің қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланысты дамыған ерекшеліктеріне де ғылыми баға беріледі. Әдебиет тарихында бұл ғасыр «Ұлттық сананың ояну» дәуірі ретінде бағаланады. Дәстүрлі жыраулық поэзия, дәстүрлі айтыс өнері, зар заман ағымы, сал-серілер поэзиясы, тарихи жырлар мен қисса-дастандар, Қоқан хандығы езгісіне қарсылық сарыныдағы әдебиет өкілдері, ағартушылық-демократиялық ағым өкілдерінің шығармашылығы қамтылады. Бұл кезең әдебиетінде қазақ көркемсөзінде зар заман әдебиеті, айтыс, сал-серілер өнернамасы, еуропа үлгісіндегі жаңа әдебиет, аударма әдебиет, назира әдебиет қатар жасады.

**Пререквизиттері:** Қазақ әдебиетінің бастаулары, Ежелгі дәуірден XIX ғасырға дейінгі әдебиет

**Постреквизиттері:** XX ғ. қазақ әдебиеті, Қазіргі әдеби процесс, Әлем әдебиеті, Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Отаршылық дәуіріндегі көркем шығармаларды көркемдік, жанрлық ерекшелігіне қарай саралай отырып талдау; В) әдебиет өкілдерінің шығармашылығындағы басты ерекшелікті айқындау. С) Жанрлық ізденістер көрінісін саралау. Д) Отаршылық дәуір әдебиетінің әдеби шығармаларын тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдай алады; тарихи-типологиялық салыстыру негізінде ақын-жыраулар поэзиясының құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдау жасап, оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсете біледі; Е) пән бойынша қамтылатын әдеби шығармаларды романтизм, реализм

көркемдік әдістерінің ұлттық және жалпыазаматтық сарындар жүйесімен (зар заман, діни-исламдық, ағартушылық ағымдар) тектестігін және өзгешеліктерін саралайды.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Қазақ әдебиетін оқыту технологиялары

**Бағдарлама авторы:** Тәңірбергенова Г.К.

**Курсты оқытудың мақсаты** пәннің типтік бағдарламасына сай қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Студенттерді әдебиетті оқыту әдістемесінің даму тарихымен, оған үлес қосқан ғалымдардың бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік проблемаларымен таныстыру. ҚР бойынша әдебиеті тиімді оқытп жүрген жаңашыл мұғалімдер еңбегін оқу, зерттеу.

**Пререквизиттері:** Ежелгі дәуірден ХІХ ғасырға дейінгі әдебиет, Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті

**Постреквизиттері:** ХХ ғ. қазақ әдебиеті, Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** **А)** Қазақ әдебиетін оқытудың заманауи технологиялары, әдіс-тәсілдері мен дидактикалық құралдары жөнінде жүйелі білім қалыптастырады; әдеби білім берудің мақсаттары мен мазмұнын әдістемелік тұрғыда түсінеді. **В)** Әдеби шығармаларды оқытудың интерактивті, жобалық, саралап оқыту, сын тұрғысынан ойлау сияқты технологияларын оқу мазмұнына бейімдеп қолдана алады. **С)** Әдебиетті оқытуда цифрлық құралдарды тиімді пайдаланып, оқушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін арттыратын технологиялық шешімдер ұсынады. **Д)** Сабақ құрылымын технологиялық карта негізінде құрастырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған авторлық тапсырмалар мен белсенді оқу стратегияларын әзірлейді. **Е)** Қолданылған оқыту технологияларының тиімділігін талдап, педагогикалық рефлексия жүргізе отырып, оқу үдерісін жетілдіру жолдарын ұсынады және үздіксіз кәсіби дамуға ұмтылады.

## **8.1. Модуль - Қазіргі қазақ тілі және әдебиет тарихы**

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Ұлықпанова А.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» пәнінің мақсаты – студенттерді осы кезеңдегі әдеби үдерістердің негізгі бағыттарымен және тарихи-мәдени ерекшеліктерімен таныстыру. Пән студенттердің қазақ әдебиетінің қоғамдық ой-санаға тигізген ықпалын терең түсінуін және ұлттық әдебиет өкілдерінің шығармашылық мұраларын бағалауын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, әдебиеттің сол кезеңдегі ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызын ашып, студенттердің әдеби-тарихи құбылыстарға сыни көзқарас қалыптастыруына ықпал етеді. Студенттер қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық, идеялық ерекшеліктерін зерделеп, әдеби мұраны заманауи тұрғыда түсінуге дағдыланады. Бұл пән жалпы ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды терең түсінуге жағдай жасайды.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» пәні – ұлт руханияты мен көркем ойының дамуын әдеби шығармалар арқылы зерделейтін кешенді курс. Пән барысында студенттер қазақ әдебиетінің жаңаша бағыттары мен көркемдік ізденістерін, әдеби ағымдар мен мектептердің қалыптасуын, тарихи кезеңдермен өзектес идеялық-эстетикалық ізденістерді саралайды. Кеңестік кезеңдегі әдебиеттегі күрделі тақырыптар, идеологиялық ықпал және жеке авторлардың шығармашылық эволюциясы жүйелі түрде талданады. Қазақ прозасы, поэзиясы мен драматургиясында орын алған жаңашылдықтар, ұлт азаттығы идеясы мен қоғамдық санадағы көркем бейнелердің эволюциясы қарастырылады. Пән жеке авторлық стильдердің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем мәтінді тарихи-көркемдік контексте талдауға машықтандырады.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ әдебиетінің бастаулары, Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті

**Постреквизиттері:** Қазіргі әдеби процесс, Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет, Шетел әдебиеті

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

**А)** XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен олардың шығармашылық мұрасын біледі, әдебиеттің ұлттық бірегейлік пен қоғамдық ой-сана қалыптастырудағы рөлін түсінеді. Осы кезең әдебиетінің тарихи, әлеуметтік және мәдени маңызын сындарлы тұрғыдан бағалайды. **В)** XX ғасырдағы қазақ әдебиеті бойынша алған білімдерін тарихи-мәдени және әдеби контексте қолдана отырып, әдебиеттану саласындағы өзекті мәселелерді талдай алады. **С)** XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жанрлық және тақырыптық ерекшеліктерін, шығармалардағы қоғамдық-саяси және идеялық мазмұнды сараптайды. Әдеби шығармаларды зерттеуде заманауи ғылыми әдістерді пайдаланады. **Д)** Эссе, аналитикалық баяндамалар, ғылыми мақалалар жазу арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Ойларды логикалық тұрғыда құрастырып, дәлелдер келтіру, жаңаша идеяларды синтездеу дағдыларын меңгереді. **Е)** Жасанды интеллект құралдарын (<https://chatgpt.com/>, <https://www.d-id.com/>, <https://lumalabs.ai/dream-machine>, <https://www.mozaweb.com/ru/3D>, <https://www.canva.com/> т.б.) пайдалана отырып, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті шығармаларын зерттеуде цифрлық өнімдер әзірлейді, олардың білім беру және шығармашылық үдерістердегі мүмкіндіктерін кеңейту жолдарын талдайды.

**Дублин дескрипторлары** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы** Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы мен морфологиясы

**Бағдарлама авторы** Иманғазина А.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Бұл пән бойынша мынадай маңызды теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: тілдің грамматикалық единицалары (морфема, сөз), тілдің грамматикалық құрылысы, негізгі грамматикалық ұғымдар (грамматикалық мағына, форма, категория, тәсілдер), сөздің тұлғалық құрамы (негізгі туынды сөз), қосымшалар (жұрнақ, жалғау), олардың түрлері, сөз, оның түрлері (жалан, күрделі) және сөздердің лексика-грамматикалық топтары.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәннің негізгі нысаны - тілдің морфологиялық ерекшелігі, сөз құрамы, сөз таптастыру мәселесі т.б. мәселелер. Зерделеу бағыты: қазақ тіліндегі жаңа сөздердің пайда болуын лексика семантикалық, морфологиялық, синтаксис салаларымен байланыста қарап, тілдік бірліктердің үнемі даму үрдісін меңгеру

**Пререквизиттері** Нормативті қазақ тілі, Тіл біліміне кіріспе

**Постреквизиттері** Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер** А. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамын оқытуда оқушылардың коммуникативтік, тілдік, ақпараттық және т.б. құзыреттіліктерін қалыптастырады; В. Студенттер тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім бойынша қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы пәнінен алған мәліметтерді, теориялық білімдерді игереді; С. Алған білімдерін теорияда пайдалана отырып, түрлі пікірлерді саралайды; Д.Өз пікірлерін дәлелдей алатындай, соны өзгеге үйрете алатындай дәрежеде болады.

**Дублин дескрипторлары:** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы:** Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

**Бағдарлама авторы:** Садирова К.Қ. ф.ғ.д. проф.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қазіргі қазақ тілінің синтаксистік жүйесін ғылымда әбден зерттеліп тұрақталған көзқарас тұрғысынан танып білу, сипаттау; студенттің әдеби тіл нормасын игеруіне көмектесу; болашақ мұғалімдерге қажет тілдік әдістемелік білімдермен қаруландыру

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қатысымдық – студенттің түрлі жағдаятта тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі және әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтай отырып, ұйымдастыру біліктілігі.

**Пререквизиттері:** Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

**Постреквизиттері:** Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы ІТ және цифрлық ресурстар, Функционалдық сауаттылық.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Қатысымдық – студенттің түрлі жағдаятта тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі және әлеуметтік-мәдени нормаларды сақтай отырып, ұйымдастыру біліктілігі. В) Студенттің қатысымдық құзыреттілігі ауызша және жазбаша коммуникацияны меңгеруі мен әлеуметтік өміріне қажетті қабілеттерді игеруінен көрінеді. С) Тілдік бірліктерді дискурс пен пікір білдіруде шығармашылықпен қолдана білуі және дара тұлға ретінде кез келген жағдаятта ойын еркін, жүйелі жеткізуінен байқалады. Д) Танымдық құзыреттілік – студенттің хабарды өздігінен өңдей білуі, өз бетінше оқуы, үйренген материалдарын жаңа жағдайда қолдануы, хабардың шығу көзін таба алуы, өз қабілеті мен білімін бағалауы, өзіне қажетті білімді екшеп, сұрыптап ала білуі, оны қолданудың жолын меңгеруі. Е) Лингвомәдени құзыреттілік студенттің әлеуметтік және қоғамдық ортада өз орнын таба білуіне, өзгелермен тіл табысу арқылы белгілі бір мақсат үшін бірлесе еңбек етуіне қажетті дағдыларды дамыту нәтижесінде қалыптасады.

## **8.2. Модуль - Тіл мәселелері және әдебиет**

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)**

**Пәннің атауы:** XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы

**Бағдарлама авторы:** Ұлықпанова А.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Мақсаты – студенттерді осы кезеңдегі әдеби үдерістердің негізгі бағыттарымен және тарихи-мәдени ерекшеліктерімен таныстыру. Пән студенттердің қазақ әдебиетінің қоғамдық ой-санаға тигізген ықпалын терең түсінуін және ұлттық әдебиет өкілдерінің шығармашылық мұраларын бағалауын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, әдебиеттің сол кезеңдегі ұлттық бірегейлікті сақтаудағы маңызын ашып, студенттердің әдеби-тарихи құбылыстарға сыни көзқарас қалыптастыруына ықпал етеді. Студенттер қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық, идеялық ерекшеліктерін зерделеп, әдеби мұраны заманауи тұрғыда түсінуге дағдыланады. Бұл пән жалпы ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды терең түсінуге жағдай жасайды

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» пәні – ұлт руханияты мен көркем ойының дамуын әдеби шығармалар арқылы зерделейтін кешенді курс. Пән барысында студенттер қазақ әдебиетінің жаңаша бағыттары мен көркемдік ізденістерін, әдеби ағымдар мен мектептердің қалыптасуын, тарихи кезеңдермен өзектес идеялық-эстетикалық ізденістерді саралайды. Кеңестік кезеңдегі әдебиеттегі күрделі тақырыптар, идеологиялық ықпал және жеке авторлардың шығармашылық эволюциясы жүйелі түрде талданады. Қазақ прозасы, поэзиясы мен драматургиясында орын алған жаңашылдықтар, ұлт азаттығы идеясы мен қоғамдық санадағы көркем бейнелердің эволюциясы қарастырылады. Пән жеке авторлық стильдердің ерекшеліктерін ажырата білуге, көркем мәтінді тарихи-көркемдік контексте талдауға машықтандырады.

**Пререквизиттер:** Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

**Постреквизиттер:** Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен олардың шығармашылық мұрасын біледі, әдебиеттің ұлттық бірегейлік пен қоғамдық ой-сана қалыптастырудағы рөлін түсінеді. Осы кезең әдебиетінің тарихи, әлеуметтік және мәдени маңызын сындарлы тұрғыдан бағалайды. В) XX ғасырдағы қазақ әдебиеті бойынша алған білімдерін тарихи-мәдени және әдеби контексте қолдана отырып, әдебиеттану саласындағы өзекті мәселелерді талдай алады. С) XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жанрлық және тақырыптық ерекшеліктерін, шығармалардағы қоғамдық-саяси және идеялық мазмұнды

сараптайды. Әдеби шығармаларды зерттеуде заманауи ғылыми әдістерді пайдаланады. D) Эссе, аналитикалық баяндамалар, ғылыми мақалалар жазу арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Ойларды логикалық тұрғыда құрастырып, дәлелдер келтіру, жаңаша идеяларды синтездеу дағдыларын меңгереді. E) Жасанды интеллект құралдарын (<https://chatgpt.com/>, <https://www.d-id.com/>, <https://lumalabs.ai/dream-machine>, <https://www.mozaweb.com/ru/3D>, <https://www.canva.com/> т.б.) пайдалана отырып, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті шығармаларын зерттеуде цифрлық өнімдер әзірлейді, олардың білім беру және шығармашылық үдерістердегі мүмкіндіктерін кеңейту жолдарын талдайды.

**Дублин дескрипторлары** A); B); C); D); E).

**Пәннің атауы** Қазіргі қазақ тілі морфологиясы мен сөзжасамы

**Бағдарлама авторы** Иманғазина А.А.

**Курсты оқытудың мақсаты** Бұл пән бойынша мынадай манызды теориялық және практикалық мәселелер қарастырылады: тілдің грамматикалық единицалары (морфема, сөз), тілдің грамматикалық құрылысы, негізгі грамматикалық ұғымдар (грамматикалық мағына, форма, категория, тәсілдер), сөздің тұлғалық құрамы (негізгі туынды сөз), қосымшалар (жұрнақ, жалғау), олардың түрлері, сөз, оның түрлері (жалан, күрделі) және сөздердің лексика-грамматикалық топтары.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәннің негізгі нысаны - тілдің морфологиялық ерекшелігі, сөз құрамы, сөз таптастыру мәселесі т.б. мәселелер. Зерделеу бағыты: қазақ тіліндегі жаңа сөздердің пайда болуын лексика семантикалық, морфологиялық, синтаксис салаларымен байланыста қарап, тілдік бірліктердің үнемі даму үрдісін меңгеру

**Пәннің қысқаша мазмұны** (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары)

**Пререквизиттері** Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі

**Постреквизиттері** Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Жалпы тіл білімі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер** А. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамын оқытуда оқушылардың коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, және т.б. құзыреттіліктерін қалыптастырады; В. Студенттер тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім бойынша қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы пәнінен алған мәліметтерді, теориялық білімдерді игереді; С. Алған білімдерін теорияда пайдалана отырып, түрлі пікірлерді саралайды; Д.Өз пікірлерін дәлелдей алатындай, соны өзгеге үйрете алатындай дәрежеде болады.

**Дублин дескрипторлары:** A); B); C); D); E).

**Пәннің атауы:** Қазақ тілі синтаксисі мәселелері

**Бағдарлама авторы:** Айтбенбетова А.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Синтаксистің теориялық мәселелерін меңгерту

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесімділігін, сөздердің байланысу тәсілдері мен формаларын, синтаксистік қатынасын, жай сөйлем түрлерін меңгерту.

**Пререквизиттері:** Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы, Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі

**Постреквизиттері:** Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Лингвомәдени құзыреттілік студенттің әлеуметтік және қоғамдық ортада өз орнын таба білуіне, өзгелермен тіл табысу арқылы белгілі бір мақсат үшін бірлесе еңбек етуіне қажетті дағдыларды дамыту нәтижесінде қалыптасады; В) Студенттің тілдік және мәдени бірліктерді контексте орынды қолдануы, мәдени-тарихи және ерекше ұлттық ақпараттарды тілдік қарым-қатынаста пайдалануы; С) лингвоелтанушылық білімдер жүйесін меңгеруі, ұлт тарихы, дәстүрі Д) мәдениеті туралы білімін сөйлеуде ұтымды пайдалануы Е) сөйлеу мәдениетін игеруі

**9. Модуль - Білім берудегі менеджмент және кәсіби практика**

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

**Бағдарлама авторы:** Туякова У.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Білім беру ұйымдарында басқару мен көшбасшылықтың заманауи теориялық негіздерін, құрылымын және практикалық аспектілерін меңгерту, болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерін, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру және стратегиялық ойлау дағдыларын дамыту.

**Пәннің қысқаша сипаттамасы:** «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық» пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасады және жетілдіріледі.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлғаны зерттеудің жобалау әдістері, Педагогикалық имиджелогия және корпоративті мәдениет

**Постреквизиттері:** Тұлғаның өсу тренингі, Тұлға мен топтың әлеуметтік психологиясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Психолог-консультанттың, психолог-менеджердің оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруда құзыретті басқарушылық шешімдерді, көшбасшылық қасиеттерді әзірлеу үшін практикалық қызметте білім беру саласындағы іргелі білім мен дағдыларды ажыратады және таңдайды;

В) Білім беру ұйымында басқарудың түрлері мен деңгейлерін анықтап, әртүрлі басқарушылық теориялар мен модельдерді талдайды;

С) Тиімді көшбасшылық стилдерін таңдауға және оларды әртүрлі педагогикалық жағдайларда қолдануға қабілетті болады;

Д) Білім беру ұйымында бірлескен ұжымды құрудың, қызметкерлердің мотивациясын арттырудың және тиімді жұмыс ортасын қалыптастырудың жолдарын меңгереді;

Е) Инновациялық технологиялар мен білім беру саласындағы жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді басқару үдерісінде қолдана алады.

## **10.1. Модуль - Қазақ әдебиеті және жаңартылған білім**

**Дублин дескрипторлары:** А); В); С); D); E).

**Пәннің атауы:** Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту

**Бағдарлама авторы:** Құлтанбаева Н.Қ.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту әдістемесі – университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультеттерінде орта мектеп үшін қазақ тілінен мұғалім даярлайтын, осы мақсатта студенттерге теориялық білім, тәжірибелік дағды, іскерлік беретін негізгі пәндердің бірі болып есептеледі.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Бұл пәнде әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім дайындау қарастырылады..

**Пререквизиттері:** Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы, Қазақ әдебиетін оқыту технологиялары.

**Постреквизиттері:** Жалпы тіл білімі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Жаңартылған білім бағдарламасының ерекшеліктерін білу: спиральді қағидатпен берілетіндігі, оқу дағдылары, ойлау дағдылары; В) Интернет көзіндегі жаңартылған білім бағдарламасы туралы ақпараттармен танысып, жүйелеу, сабақ жоспарларымен танысу; С) Педагогикалық әдіс-тәсілдердердің өзіндік ерекшеліктерін жіктей білу; Д) Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бойынша сабақтар құрастыру, Е) Жобалау технологиясы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Әлем әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Сұлтанғалиева Ж.С.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Әлем әдебиетінің аса үздік туындыларымен таныстыра отырып, олардың бір-бірінің рухани мәдениетін қосатын, толықтыратын, байытатын үлес салмағының жаңаша мазмұн-мәнін айқындап, орнықты сұранысқа жол сілтеу. Аталмыш пән шығыс халқы елдерінің әдебиетін ежелгі дәуірден бастап, бүгінгі күнге дейін қамтиды. Әрбір ұлттың фольклорлық, классикалық, бүгінгі дәуірдегі әдеби мұралары қамтылып, ондағы эстетикалық таным, ұлттың әдеби арна ерекшелігі танылады. Әлемдік көркем шеберлігіне және әдеби қозғалысқа тигізетін әлем әдебиетінің қалпын кеңінен ашу нысанға алынады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Әр халықтың ақын-жазушыларының шығармаларын көркемдік ерекшелігіне қарай даралап зерттей білу. Классикалық туындыларды оқу кезеңінде адамгершілік, парасат, гуманистік-имандық тағылымына, көркемдік-эстетикалық танымына қарай жіктей отырып әдеби талдау мен тіл көркемдігіне ерекше назара аудара отырып, ой талқы мен образдар бедері берілуіне, ақын поэзиясының тұтастығын таныту.

**Пререквизиттері:** Ежелгі дәуірден ХІХ ғасырға дейінгі әдебиет, Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті, ХХ ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

**Постреквизиттері:** Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет, Әдебиет теориясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Әлем әдебиетіне өз бетінше анализ жасай білуге, оның қай тарихи-мәдени өмірдің, қандай бағыттың, ағымның, мектептің туындысы екенін ажырата біледі; В) Шығармалардың жалпы адамзаттың құндылығын таныту арқылы әдеби құбылыстарды түсіндіре біледі; С) Әдеби шығармаларды оқу теория мен әдебиет тарихымен байланыстырып салыстыра алады; Д) тақырып таңдау, материал жинау, конспект жазуды меңгере біледі; ақын-жазушылар шығармаларын ажырата алады; Е) ақын-жазушылар шығармаларының идеялық, эстетикалық мазмұнын аша білуге дағдыланады; ақын-жазушылар шығармалары талдаудағы оның табиғатын біледі.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Қазіргі әдеби процесс

**Бағдарлама авторы:** Тәңірбергенова Г.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделеу үшін студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескеру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** ХХ ғасырдың соңы – ХХІ ғасырдағы ұлттық сөз өнері дамуының ерекшеліктері. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі сабақтастығы мұрасындағы түркі өркениеті мен ислам мәдениеті көріністері.

**Пререквизиттері:** Ежелгі дәуірден ХІХ ғасырға дейінгі әдебиет, Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті, ХХ ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

**Постреквизиттері:** Әдебиет теориясы, Абайтану, Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) ХХ ғасырдың соңындағы әдеби шығармаларды тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдауға үйрену; В) тарихи-типологиялық салыстыру негізінде ХХ ғасырдың соңы – ХХІ ғасырдың басындағы прозалық, поэзиялық және драмалық туындыларды құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдауды білу; С) оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсетуге дағдылану.; Д) Қазіргі әдеби шығармаларды жанрлық, стильдік және идеялық тұрғыдан талдап, ғылыми пікір білдіру, эссе мен әдеби шолу жазу

арқылы шығармашылық-сыни ойлау қабілетін дамытады. Е) Цифрлық ресурстар мен медиатеchnологияларды пайдалана отырып, қазіргі әдеби үдерісті талдауға арналған жобалар әзірлейді және әдебиет пен медиа ықпалдастығын саралай алады.

## 10.2. Модуль - Әдебиет және оқыту әдістемесі (16 академиялық кредит)

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Шетел әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Сұлтанғалиева Ж.С.

**Курсты оқытудың мақсаты:** «Шетел әдебиеті» пәні студенттерді әлемдік әдебиеттің көрнекті өкілдері мен негізгі бағыттарымен таныстыруды мақсат етеді. Әдеби даму кезеңдерін, әр халықтың рухани-мәдени құндылықтарын көркем туындылар арқылы зерделей отырып, студенттердің салыстырмалы әдеби талдау жасау дағдыларын қалыптастыру көзделді. Сонымен қатар, әдебиеттің адамзат өркениетіндегі маңызын түсінуге, эстетикалық танымын кеңейтуге ықпал етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі шетел әдебиетінің негізгі кезеңдері мен бағыттарын қамтиды. Студенттер антика, орта ғасыр, Қайта өрлеу дәуірі, ағартушылық кезеңі, романтизм, реализм, модернизм және постмодернизм әдебиетінің көрнекті өкілдері мен шығармаларымен танысады. Әдеби бағыттардың ерекшеліктері мен көркемдік-эстетикалық ізденістер салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Пән әлем әдебиетінің рухани мұрасын түсініп, оны қазақ әдебиетімен өзара байланыста тануға мүмкіндік береді.

**Пререквизиттері:** Қазақ әдебиетінің бастаулары, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті, ХХ ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

**Постреквизиттері:** Қазіргі әдеби процесс, Әдебиет теориясы, Абайтану

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Шетел әдебиетінің тарихи даму кезеңдерін, әдеби бағыттар мен ағымдардың ерекшеліктерін меңгереді. В) Әлемдік классиктердің көркем шығармаларын идеялық-көркемдік тұрғыдан талдай алады. С) Әдеби туындыларды тарихи-мәдени контексте саралап, әдебиеттанулық түсініктерді ғылыми негізде қолданады. Д) Эссе, әдеби шолу, салыстырмалы талдау жасап, сын тұрғысынан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Е) Цифрлық құралдарды пайдалана отырып шетел әдебиеті бойынша танымдық жобалар мен визуалды материалдар әзірлей алады.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет

**Бағдарлама авторы:** Сұлтанғалиева О.Қ.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделеу үшін студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескеру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Тәуелсіздік жылдардағы әдебиеті атты пәннің мақсаты мен ерекшелігін айқындау; ХХ ғасырдың 80-90 жылдары шеңберіндегі қазақ әдеби шығармалары туралы жүйелі түсінік беру.

**Пререквизиттер:** Халық ауыз әдебиеті, Әдебиеттануға кіріспе, Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің тарихы, Хандық дәуір әдебиеті, 19-ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы.

**Постреквизиттер:** Студенттің болашақ мамандығына қажетті теориялық және практикалық білім осы пәнді оқу барысында беріледі.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Қазіргі қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалар мен оның рухани-эстетикалық үрдістері туралы түсінік алады; В) қазіргі қазақ әдебиеті шығармаларының баяндаушылық ерекшеліктерімен танысып, теориялық және әдістемелік тұрғыдан әдеби мәтінді талдау дағдыларын қалыптастырады; С) Тәуелсіздік жылдардағы

қазақ әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделей алады; D) Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиет пәннің мақсаты мен ерекшелігін айқындай біледі; E) әр ақын-жазушының шығармаларынан үзінділерді жатқа оқу, ғылыми талдау жасап үйренеді.

Қабылдау жылы: 2021

| Компонент<br>(ЖК/ТК)                                                                            | Пән коды   | Пән атауы                                    | Семестр | Кредит саны |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|----------------------------------------------|---------|-------------|
| <b>12.1 Модуль - Әдебиеттің теориялық мәселелері және шетел әдебиеті, 15 академиялық кредит</b> |            |                                              |         |             |
| КП ТК                                                                                           | ShA 4301   | Шетел әдебиеті                               | 8       | 5           |
| КП ТК                                                                                           | KAST 4302  | Қазақ әдебиеті сынының тарихы                | 8       | 5           |
| КП ЖК                                                                                           | AT 4303    | Әдебиет теориясы                             | 8       | 5           |
| <b>12.2 Модуль - Әдебиет теориясы және әлем әдебиеті, 15 кредит</b>                             |            |                                              |         |             |
| КП ТК                                                                                           | AA 4301    | Әлем әдебиеті                                | 8       | 5           |
| КП ТК                                                                                           | KASTM 4302 | Қазақ әдебиеті сынының теориялық мәселелері  | 8       | 5           |
| КП ЖК                                                                                           | AT 4303    | Әдебиет теориясы                             | 8       | 5           |
| <b>13.1 Модуль - Абайтану, жалпы тіл білімі және әдебиет лирикасы, 15 академиялық кредит</b>    |            |                                              |         |             |
| КП ЖК                                                                                           | AT 4304    | Абайтану                                     | 8       | 5           |
| КП ЖК                                                                                           | ZhTB 4305  | Жалпы тіл білімі                             | 8       | 5           |
| КП ТК                                                                                           | KTT 4202   | Қазақ тілінің терминологиясы                 | 8       | 5           |
| <b>13.2 Модуль - Абайтану, жалпы тіл білімі мен өлең поэтикасы, 15 академиялық кредит</b>       |            |                                              |         |             |
| КП ЖК                                                                                           | AT 4304    | Абайтану                                     | 8       | 5           |
| КП ЖК                                                                                           | ZhTB 4305  | Жалпы тіл білімі                             | 8       | 5           |
| КП ТК                                                                                           | KTS 4202   | Қазақ тілінің семасиологиясы                 | 8       | 5           |
| <b>14.1 Модуль - Мұғалімнің педагогикалық күзінділігі, практика,</b>                            |            |                                              |         | <b>18</b>   |
| <b>академиялық кредит</b>                                                                       |            |                                              |         |             |
| БП ТК                                                                                           | ZMPK 4207  | Замануи мұғалімнің педагогикалық күзінділігі | 8       | 3           |
| БП                                                                                              |            | Педпрактика                                  | 7       | 15          |
| <b>14.2 Модуль - Жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту, практика, 18 академиялық кредит</b>   |            |                                              |         |             |

|       |                  |                                                 |   |    |
|-------|------------------|-------------------------------------------------|---|----|
| БП ТК | КТАZhBBO<br>4207 | Қазақ тілі мен әдебиетін ЖББ оқыту<br>негіздері | 8 | 3  |
| БП    |                  | Педпрактика                                     | 7 | 15 |

## 12.1 Модуль - Әдебиеттің теориялық мәселелері және шетел әдебиеті

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Шетел әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Сұлтанғалиева Ж.С.

**Курсты оқытудың мақсаты:** «Шетел әдебиеті» пәні студенттерді әлемдік әдебиеттің көрнекті өкілдері мен негізгі бағыттарымен таныстыруды мақсат етеді. Әдеби даму кезеңдерін, әр халықтың рухани-мәдени құндылықтарын көркем туындылар арқылы зерделей отырып, студенттердің салыстырмалы әдеби талдау жасау дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Сонымен қатар, әдебиеттің адамзат өркениетіндегі маңызын түсінуге, эстетикалық танымын кеңейтуге ықпал етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі шетел әдебиетінің негізгі кезеңдері мен бағыттарын қамтиды. Студенттер антика, орта ғасыр, Қайта өрлеу дәуірі, ағартушылық кезеңі, романтизм, реализм, модернизм және постмодернизм әдебиетінің көрнекті өкілдері мен шығармаларымен танысады. Әдеби бағыттардың ерекшеліктері мен көркемдік-эстетикалық ізденістер салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Пән әлем әдебиетінің рухани мұрасын түсініп, оны қазақ әдебиетімен өзара байланыста тануға мүмкіндік береді.

**Пререквизиттері:** Ежелгі дәуір әдебиеті, Хандық дәуір әдебиеті, Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті

**Постреквизиттері:** Әдебиет теориясы, Абайтану

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** **А)** Шетел әдебиетінің тарихи даму кезеңдерін, әдеби бағыттар мен ағымдардың ерекшеліктерін меңгереді. **В)** Әлемдік классиктердің көркем шығармаларын идеялық-көркемдік тұрғыдан талдай алады. **С)** Әдеби туындыларды тарихи-мәдени контексте саралап, әдебиеттанулық түсініктерді ғылыми негізде қолданады. **Д)** Эссе, әдеби шолу, салыстырмалы талдау жасап, сын тұрғысынан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады. **Е)** Цифрлық құралдарды пайдалана отырып шетел әдебиеті бойынша танымдық жобалар мен визуалды материалдар әзірлей алады.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Қазақ әдебиеті сынының тарихы

**Бағдарлама авторы:** Ташимбаева С.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Жалпы сын, көркем әдебиет туралы пікірлерді талдау; қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының даму кезеңдерін оқыту; студенттерді жалпы сын, әдебиет сыны туралы толық біліммен қаруландыру; қазақ әдебиеті сынының даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету басты мақсат етіледі.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Тарихи уақыт пен әдеби процесс қатар, бірлікте қарастырылады. XX ғасырдың әдебиет тарихындағы ең елеулі, маңызды, қазақ оқу-ағарту құбылысындағы серпінді кезең екені түсіндіріледі.

**Пререквизиттері:** Әдебиет теориясы, Шетел әдебиеті

**Постреквизиттері:** Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** **А)** Қазақ әдебиеті сынын дамыту; **В)** әдебиеттанушы ғалым-зерттеушілердің, ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен, ресми құжаттарымен танысу; **С)** көркем әдебиет шығармаларына сыни көзқарас қалыптастыру; **Д)**

көркем шығармаларды, әдебиет теориясын оқыту; Е) студенттерді бұрын-соңды айтылған пікірлерге объективті көзқараспен қарауды үйренеді.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Әдебиет теориясы

**Бағдарлама авторы:** Сұлтанғалиева Ж.С.

**Курсты оқытудың мақсаты:** студенттерді көркем әдебиеттің жаңалық, тектік сипаттарымен бірлікте поэтика, стиль, предметтік бейнелеу жүйесін танып, білуге бейімдеу; шығарманы комплексті талдауға үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Әдебиет теориясы даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету басты мақсат етіледі.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттану ғылымына кіріспе, Қазақ халқының ауыз әдебиеті, XIX ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

**Постреквизиттері:** Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы; В) өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, мазмұны мен пішіні; Д) композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; Е) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

## **12.2 Модуль - Әдебиет теориясы және әлем әдебиеті**

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Әлем әдебиеті

**Бағдарлама авторы:** Сұлтанғалиева Ж.С.

**Курсты оқытудың мақсаты:** «Әлем әдебиеті» пәні студенттерді әлемдік әдебиеттің көрнекті өкілдері мен негізгі бағыттарымен таныстыруды мақсат етеді. Әдеби даму кезеңдерін, әр халықтың рухани-мәдени құндылықтарын көркем туындылар арқылы зерделей отырып, студенттердің салыстырмалы әдеби талдау жасау дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Сонымен қатар, әдебиеттің адамзат өркениетіндегі маңызын түсінуге, эстетикалық танымын кеңейтуге ықпал етеді..

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі шетел әдебиетінің негізгі кезеңдері мен бағыттарын қамтиды. Студенттер антика, орта ғасыр, Қайта өрлеу дәуірі, ағартушылық кезеңі, романтизм, реализм, модернизм және постмодернизм әдебиетінің көрнекті өкілдері мен шығармаларымен танысады. Әдеби бағыттардың ерекшеліктері мен көркемдік-эстетикалық ізденістер салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Пән әлем әдебиетінің рухани мұрасын түсініп, оны қазақ әдебиетімен өзара байланыста тануға мүмкіндік береді.

**Пререквизиттері:** Отаршылдық кезеңдегі қазақ әдебиеті, Қазақ әдебиеті сынының тарихы

**Постреквизиттері:** Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Шетел әдебиетінің тарихи даму кезеңдерін, әдеби бағыттар мен ағымдардың ерекшеліктерін меңгереді. В) Әлемдік классиктердің көркем шығармаларын идеялық-көркемдік тұрғыдан талдай алады. С) Әдеби туындыларды тарихи-мәдени контексте саралап, әдебиеттанулық түсініктерді ғылыми негізде қолданады. Д) Эссе, әдеби шолу, салыстырмалы талдау жасап, сын тұрғысынан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Е) Цифрлық құралдарды пайдалана отырып шетел әдебиеті бойынша танымдық жобалар мен визуалды материалдар әзірлей алады.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Қазақ әдебиеті сынының теориялық мәселелері

**Бағдарлама авторы:** Ташимбаева С.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Жалпы сын, көркем әдебиет туралы пікірлерді талдау; қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының даму кезеңдерін оқыту; студенттерді жалпы сын, әдебиет сыны туралы толық біліммен қаруландыру; қазақ әдебиеті сынының даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету басты мақсат етіледі.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Тарихи уақыт пен әдеби процесс қатар, бірлікте қарастырылады. XX ғасырдың әдебиет тарихындағы ең елеулі, маңызды, қазақ оқу-ағарту құбылысындағы серпінді кезең екені түсіндіріледі.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ әдебиеті сынының тарихы

**Постреквизиттері:** Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Қазақ әдебиеті сынын дамыту; В) әдебиеттанушы ғалым-зерттеушілердің, акын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен, ресми құжаттарымен танысу; С) көркем шығармаларына сыни көзқарас қалыптастыру; D) көркем шығармаларды, әдебиет теориясын оқыту; Е) студенттерді әдебиет бұрын-соңды айтылған пікірлерге объективті көзқараспен қарауды үйренеді.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, Е)**

**Пәннің атауы:** Әдебиет теориясы

**Бағдарлама авторы:** Сұлтанғалиева Ж.С.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қазақ әдебиетінің тарихы негізінде оқытылатын әдебиет теориясының қалыптасу мен дамуы, әдебиет тарихындағы орны мен дамуындағы атқарар ролі жөнінде студенттерге драматургия саласы бойынша теориялық және практикалық тұрғыдан жан жақты білімдерін толықтыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Әдебиет теориясы даму тарихымен, кезеңдермен таныстыру, қазақ әдебиет сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру, көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрену басты мақсат етіледі.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттану ғылымына кіріспе, Қазақ халқының ауыз әдебиеті, XIX ғ. қазақ әдебиетінің тарихы

**Постреквизиттері:** Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы; В) өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, мазмұны мен пішіні; D) композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; Е) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

### 13.1 Модуль - Абайтану, жалпы тіл білімі және әдебиет лирикасы

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, Е)**

**Пәннің атауы:** Абайтану

**Бағдарлама авторы:** Пангереев А.Ш.

**Курсты оқытудың мақсаты:** «Абайтану» пәнінің мақсаты – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және ағартушысы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын, философиялық және қоғамдық көзқарастарын терең зерттеп, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін талдау. Пән арқылы студенттер Абайдың поэзиялық және прозалық еңбектерінің мазмұнын, олардың рухани, мәдени және тәрбиелік маңызын меңгереді, сонымен қатар Абайдың ойшылдық мұрасын қазіргі заманға бейімдеудің жолдарын қарастырады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Абайтану» пәні оқу жоспарында арнайы жеке пән ретінде белгіленген. Бұл пән ұлтымыздың рухани көшбасшысы болып табылатын Абайдың шығармашылық мұрасын студенттерге жан-жақты зерттеу, ол өмір сүрген ортадағы заман мен адам бейнесін жете тану, Абай қалыптастырған ақындық мектеп өкілдері шығармашылықтарымен танысу, ақынның философиясы, дүниеге көзқарасы, туындыларының өміршеңдігі және Хакім Абайды зерттеуге үлес қосқан ғалымдар еңбектерін оқып білу.

**Пререквизиттері:** XIX ғ. қазақ әдебиетінің тарихы, Қазіргі қазақ әдебиеті

**Постреквизиттері:** Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзіреттілік талап ететін пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Студенттер Абай Құнанбайұлының өмірбаяны, шығармашылық мұрасы және қоғамдық-саяси көзқарастары туралы негізгі ақпараттарды біледі және түсінеді. Олар Абайдың қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі орнын және оның ойшылдығының мәнін толық меңгереді.

В. Студенттер Абай шығармаларын қазақ әдебиеті мен тарихы контекстінде талдау әдістерін қолданып, ақынның еңбектерін заманауи мәселелермен байланыстыра алады. Олар Абайдың философиялық идеяларын нақты мысалдар арқылы дәлелдеуді үйренеді.

С. Студенттер Абайдың шығармаларына терең талдау жасап, оның поэзиялық және прозалық еңбектерінің мазмұнын, стилін және философиялық идеясын айқындай алады. Сонымен қатар, олар Абайдың дүниетанымының тарихи және мәдени аспектілерін талдайды.

Д. Студенттер Абайдың идеялары мен көзқарастарын негізге ала отырып, эссе, аналитикалық баяндамалар және мәнжазбалар жаза алады. Олар Абай мұрасын қазіргі заман контекстінде қайта синтездеп, шығармашылық және ғылыми жоспарлар құру дағдыларын меңгереді.

Е. Студенттер Абай шығармаларының әдеби және мәдени маңыздылығын бағалап, оның қазақ халқының рухани және ұлттық дамуына қосқан үлесін объективті түрде сараптай алады. Олар Абай мұрасына қатысты түрлі көзқарастарды сын тұрғысынан бағалауды үйренеді.

**Дублин дескрипторлары:** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы:** Жалпы тіл білімі

**Бағдарлама авторы:** Күштаева М.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейінотіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Жалпы тіл білімі–тіл білімінің жалпы теориясы. Бұл пәннің алдына қойған міндеті–тыңдаушыларды тіл біліміндегі негізгі теориялармен қаруландыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, алда тұрған міндеттерінен мәлімет беру, тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданылып жүрген және соңғы жылдары қалыптаса бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашу, тіл білімінің басқа қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау

**Пререквизиттері:** Тіл біліміне кіріспе

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Жалпы тіл білімін оқытуда коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, этномәдениет танымдық құзыреттілігін қалыптастырады. В) Жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды, С) тіл білімінің теориялық мәселелері, лингвистикалық ілімдер мектебі мен тарихын, тілдің қоғамдық, таңбалық сипатын, олардың өзіндік айырмашылықтарын ажырата біледі. Д) Жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін, әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін Е) этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани біледі.

**Дублин дескрипторлары:** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы:** Қазақ тілінің терминологиясы

**Бағдарлама авторы:** Карагулова Б.Б.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қазақ терминологиясының қалыптасу және зерттелу тарихын, сонымен бірге ұлттық терминдердің пайда болу жолдарын, оны тілімізде қалыптастырудың әдіс-тәсілдерін, принциптерін ғылыми тұрғыда ашып көрсету, сол арқылы тіліміздегі терминдердің болмысын тану.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Қазақ тілінің терминологиясы» пәні филология факультеті 6В01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша білім алушыларға ұсынылған таңдау компоненті болып табылады. Қазақ терминологиясы қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тілінде ұлттық терминология қалыптастыру, оның жолдарын анықтау, қалыптасқан терминдерді бірізділендіру, жүйелеу, нормалау т.с.с мәселелер аталған саланың негізгі проблемалары болып табылады.

**Пререквизиттері:** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фонетикасы, Неология негіздері

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихын зерттеу арқылы тілдің даму үдерісін тереңірек түсінеді. В) Ұлттық терминдердің пайда болу жолдарын талдай отырып, олардың мәдени және ғылыми негіздерін ашып көрсетеді. С) Тіліміздегі терминдерді қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен принциптерін анықтау арқылы ұлттық тілдің ерекшеліктерін сақтайды. Д) Қазақ тіліндегі терминдердің болмысын тану арқылы олардың қазіргі қоғамдағы маңызы мен рөлін айқындайды. Е) Қазақ терминологиясының дамуы арқылы тіліміздің ғылыми және мәдени байлығын арттырады.

### 13.2 Модуль - Абайтану, жалпы тіл білімі және өлең поэтикасы

**Дублин дескрипторлары:** А); В); С); Д); Е).

**Пәннің атауы:** Қазақ тілінің семасиологиясы

**Бағдарлама авторы:** Мұратбек Б.Қ.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге стиль, стилистиканың негізгі нысаны бойынша барлық стратаны меңгерту. Сөз, тіл мәдениеті мәселесі, тілдік норма (өлшем-талаптары), лексикалық ресурстардың қолданылуына қарай туындайтын тілдік-стильдік, нормалық қырларын ажырату, текстологиямен жұмыс түрлері филологиялық негізде қарастырылады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қазақ тілінің семасиологиясы – кешенді форматта оқытылатын лингвистикалық пән. Семантика және оның зерттеу нысаны, сөз және оған тән белгілер, сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы, сөз және ұғымның ара қатынасы қарастырылған. Сондай-ақ сөздің лексикалық мағынасының құрылымдық элементтері болып табылатын денотаттық, сигнификаттық және коннотаттық мағыналар туралы білім беріледі. Студенттерге лексика-грамматикалық мағынасымен бірге лексикалық бірлік ретіндегі сөзге жан-жақты сипаттама берілді. Сөздің өзіндік белгілері, басқа тілдік бірліктерден ерекшеліктері мен ұқсас жақтары көрсетілді. Сөздің ұғыммен ара қатынасы сөз болды. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары, олардың өзара байланыстылығы қарастырылды. Классикалық әдіспен қатар, оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдері, Chat GPT-де де қолданылады.

**Пререквизиттері:** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фонетикасы, Неология негіздері

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ғылыми-техникалық, жаратылыстану және жалпы ғылыми ақпараттарды проблемалық мәселелерге сай жылдам табады, талдайды және мәтінді сауатты өңдейді. В) Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алуға бағытталған белгілі педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, өз пәнін оқытудың берілген мақсаттарына сәйкес оқу қызметінің шарттарын өз бетінше құрастыра біледі. С) Іскери этика нормаларын сақтайды және мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын меңгереді. Д) Қазіргі ақпараттық технологиялар мен ақпарат жүйесіндегі базалық білімді игереді, компьютер желілерімен жұмыс істей біледі, бағдарламалық құралдарды қолданады.

Е) Ақпараттар қорын жасайды және интернет ресурстарын пайдалануды білуде базалық білімді меңгереді.

#### **14.1 Модуль - Мұғалімнің педагогикалық құзіреттілігі, практика**

**Дублин дескрипторлары** А); В); С); Д).

**Пәннің атауы** Замануи мұғалімнің педагогикалық құзіреттілігі

**Бағдарлама авторы** Абдирова Ш.Г.

**Курсты оқытудың мақсаты** Бүгінгі студент — ертеңгі маман. Оқыту үрдісін басқарудың педагогикалық-психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушылардың арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді. Болашақ маманның кәсіби педагогикалық функциялары: конструктивтік, ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық, дамытушылық, ақпараттық, зерттеушілік. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек.

**Пәннің қысқаша мазмұны** Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты.

**Пререквизиттері** Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Инклюзивті білім беру, Қазақ тілін оқыту әдістемесі

**Постреквизиттері** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) студенттерді мұғалім мамандығына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің тұрақтылығына тәрбиелеу; В) нақты педагогикалық міндеттерді шешу барысында психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді пайдалану үрдісін терендету, бекіту; С) болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту; Д) педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік ыңғайға бейімдеу Е) педагогикалық қызметтің ағымдағы және болашақтағы жұмыстарды жоспарлауын жүзеге асыру.

#### **14.2 Модуль - Жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту**

**Дублин дескрипторлары** А); В); С); Д).

**Пәннің атауы** Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту негіздері

**Бағдарлама авторы** Абдирова Ш.Г.

**Курсты оқытудың мақсаты** Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасы аясында оқытудың тиімді әдістемелерін меңгерту. Бұл пән студенттерді қазақ тілінің теориясы мен практикасын, әдебиеттанудың әдістемелік негіздерін терең түсінуге және оларды заманауи оқыту әдістері арқылы оқытуға дайындайды.

**Пәннің қысқаша мазмұны** Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту негіздері – университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультеттерінде орта мектеп үшін қазақ тілінен мұғалім даярлайтын, осы мақсатта студенттерге теориялық білім, тәжірибелік дағды, іскерлік беретін негізгі пәндердің бірі болып есептеледі. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуіне байланысты оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Бұл пәнде әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім дайындау қарастырылады.

**Пререквизиттері** Бағалаудың өлшемдік технологиялары

**Постреквизиттері** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту әдістемесінің терминдерін меңгереді, көрсете біледі. В) Оқу пәні ретіндегі қазақ тілі мен әдебиетінің мазмұны мен құрылымын нақты сұраныстарға сай пайдаланады және қолданады. С) Оқу-әдістемелік кешеннің өзіндік ерекшеліктерін талдайды: құндылықты-бағдарланған; әрекетті тұлғалық бағдарланған. Д) Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасымен оқытудың қазіргі технологиясы, әдіс-тәсілдер, сабақ типтері, қазақ тілі мен әдебиеті курсының бөлімдерін оқыту әдістері бойынша сабақтардың жоспарын құрады. Е) Қазақ тілі мен әдебиетін жаңартылған білім бағдарламасымен оқыту бойынша игерген білімдерін бақылайды және бағалайды.\

**Кафедра меңгерушісі**

**Абдирова Ш.Г.**